Білім беру мекемесі мен «Степногорск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ арасында тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл ауқаты саласындағы көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша

# МЕМОРАНДУМ

Степногорск қ. 2021 жылғы « 04» қаңтар

Осы Меморандум «Степногорск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ мен білім беру мекемесі арасындағы өзара түсіністік туралы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларын сақтау мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы (бұдан әрі - Меморандум) :

«Степногорск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ-басшы Гулюза Нурихановна Абрамович (Тарап1), сондай-ақ «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Ақсу кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ басшысы Крылатая Роза Шаменовна (Тарап 2) тұлғасы арасында жасалды.

БСН / ЖСН 041240006223

бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталады.

Тараптар осы Меморандуммен төмендегілер туралы келіседі:

## 1 бап. Меморандум мақсаты

Осы Меморандумның мақсаты білім беру мекемесінің санитарлық ережелерін орындау, ыстық тамақтың ұйымдастырылуын жақсарту және балалардың денсаулығын нығайту болып табылады.

## 2-бап

1.Тәрбие және білім беру объектілерінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыру нормаларының орындалуы ("брутто" массасында) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен регламенттелген.